**Автор**: УТКЕНОВА АСЕМ САГИНДЫКОВНА
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 3-сынып
**Бөлім**: Өнер
**Тақырып**: Қолөнер

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 3.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердің мазмұныны түсіну.<br>3.3.5.1 сөздер мен анықтамалардан қажетті ақпаратты табу және оны алу |
| Сабақтың мақсаты: | *Оқушылардың барлығы: тыңдаған мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын түсінеді, қолдау арқылы оқыған мәтінннің мазмұнын айтады.*<br>*Оқушылардың көпшілігі: тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Мәтінннің мазмұнын тірек сөздердің көмегімен айтады, анықтамалардан қажетті ақпаратты табыды.*<br>*Оқушылардың кейбірі: тыңдаған мәтінге қатысты өз пікірлерін айтады* |
| Тілдік мақсаттар: | 1. Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну<br>2. Анықтамалардан қажетті ақпаратты табу.<br>3. Кім? Қандай? Не істеді? –деген сұраққа жауап беретін сөздерді топтастыру. |
| Күтілетін нәтиже: | баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердің мазмұныны түсінеді<br>сөздер мен анықтамалардан қажетті ақпаратты таба алады. |
| Бағалау критерийлері: | • Шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ашады.<br>• Тақырыпқа қатысты ақпараттарды іріктеп, кестеге түсіреді.<br>• Кім? Қандай? Не істеді? –деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді топтастырып жазады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Іскелікке, шеберлікке баулу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Аудиотаспа, интербелсенді тақта, слайд,суреттер |
| Пәнаралық байланыс: | Еңбекке баулу |
| Бастапқы білім: | Қағаздан ойыншық жасадық |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Психологиялық дайындық.<br>Біз балдырған баламыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Дүниені аралап,<br>Оқып білім аламыз.<br>Сабақтың тақырыбын, суреттер арқылы болжайды Бүгінгі сабағымыз не туралы деп ойлайсыңдар? Сабақ мақсатымен таныстыру .<br><br><br><br> | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Алқа Алқаны күмістен жасайды.<br>Алқаны тағы неден жасайды деп ойлайсың?<br>Кілем Кілемді жіптен тоқиды. Жіптен тағы не тоқиды?<br>Теріден қамшы тоқиды. Теріден тағы не тоқиды?<br>Тыңдалым.<br>Бүгін Әнелдің туған күні. Балнұр қызыл моншақтардан алқа тоқыды. Балнұрдың алқасы әдемі болды. Алқаны Әнелге сыйлады. Әнел әдемі алқаны көріп, қуанды<br><br>*Берілген суреттер бойынша кестені толтырады.*<br>***Кімнің туған күні? Балнұр не істеді? Не сыйлады? Әнел не істеді?***<br><br>*Оқушылар бір-бірін бағалайды.*<br>**Айтылым Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**<br>Тірек сөзді пайдаланып, тыңдалған мәтіннің мазмұнын әңгімелейді.<br>**Тірек сөздер:** сыйлық, алқа, моншақ, тоқыды.<br>Оқушылар жұпқа бөлінеді,бір-біріне әңгімелейді. (бас бармақ арқылы бір-бірін бағалайды).<br>Сергіту сәті:<br>Шаршаса қолымыз,<br>Оңымыз, солымыз.<br>Былай - былай ойнаймыз,<br>Күш жігерді жинаймыз .<br>**Оқылым. Мәтінді мұқият оқиды.** | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Сабақты қорыту кезінде  сұрақтар қою.( оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды)<br>Үй тапсырмасы: 3-тапсырма, есте сақта жаттау. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Рефлексия | Image not found or type unknown<br>Image not found or type unknown | | |